ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 қаңтар №5165-23-00-2/38 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Bolashak Group» қоғамдық қоры

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Bolashak Group» қоғамдық қоры мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Bolashak Group» қоғамдық қорынан мемлекет пайдасына 54 621 (елу төрт мың алты жүз жиырма бір) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1 638 (бір мың алты жүз отыз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының

азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 31.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2024, судья Байтенов С. К., 12.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»